



XII жазғы Универсиада ойындарында бокс құрама командасына

ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

Өз атымнан және өзіңіз білім алып жатқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы атынан жарқын жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Ақтау қаласында өтіп жатқан XII жазғы Универсиада ойындарында университеттің бокс құрама командасы белсенділік танытып, университет мерейін тасыттыңыздар.

Соның ішінде өздеріңе дәріс беріп, жетістіктеріңнің куәсі болған оқытушы-ұстаздарың айрықша мақтанышқа бөленді.

Өздерің сияқты танымал спортшылардың әрбір жеңісі кейінгі студент жастар үшін де жарқын үлгі.

Осы ретті пайдалана отырып, дендеріңе саулық, отбасыларыңа амандық тілеймін.

Тәрбиелеп өсірген ата-аналарыңа, қолдау көрсетіп жүрген бауырларыңа алғыс білдіремін.

Жеңісті сәттерің көп болсын!

Біз сендермен мақтанамыз!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы-Ректор**

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ